

ӘОЖ 811.512.122

## **TҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

Маннап Фариза Русланбекқызы

[fariza\\_97@mail.ru](mailto:fariza_97@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – М.К. Ахметова

Түр-түс атаулары тек сапалық ұғымды ғана емес, сонымен байланысты қосымша ақпаратты да беруге қабілетті тілдік бірліктер. Себебі оларда табиғат, ғалам және адамзат баласының дамуымен сабактасып жатқан тарихи, танымдық ақпарат сақталған. Бұл қай халықтың болмасын тілінен көрініс табатын құбылыс. Дүниетанымдық, мәдени, тұрмыстық ақпараттар ұлт тіліндегі түр-түс атаулары секілді символ сөздерде жасырынған. Қазақ халқында түр-түс атаулары рухани-материалдық мәдениетте, салт-дәстүрлерде айрықша мағыналық орын алады. Себебі әр ұлттың түр-түстер жайында танымы басқа. Соған байланысты әрбір түр-түс атауының ұлттық дүниетанымда алатын символдық галереясы, яғни орны болады [1].

Түр-түстер қазіргі таңда әлемдік ғылымның нысанына айналды. Жаратылыштану ғылымы түр-түстердің физикалық табиғатын зерттейді, психология ғылымы түстердің адамға әсерін, әдебиет пен көркем өнер саласында түр-түстердің эстетикалық табиғатын зерттейді. Тіл білімінде түр-түс атаулары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика салаларында зерттелініп жүр. Себебі XXI ғасыр лингвистикасының негізгі мақсаты – тілді зерттең отырып, әлемнің бейнесін жасау. Түр-түс атаулары алғаш Л. Уорф, Э. Сепир еңбектерінің зерттеу нысаны болған, кейін В. фон Гумбольдтың тілді рухани-мәдени код ретінде қарастырған еңбектерінде концептуалдық сипаты көрініс тапқан [2, 138]. Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын зерттеген лингвист ғалымдар: Н.Н. Аитова [3], Ш.Қ. Жарқынбекова [4], А.И. Ахметжанова [5], Ұ. Серікбаева, М. Нұржігірова, Ф. Ахметжанова, Ә. Қайдар, Б. Өмірбеков, З. Ахтамбердиева [6], К. Қамзин, Б. Әліқожа [7] т.б.

Әр түстің болмысында танымдық ақпарат, хабар және көңіл-қүй болады. Мысалы, қазақ халқы той-думандарда безендіруде барынша қызыл-жасыл, ашық түстерді пайдаланады. Қызыл, жасыл, сары, көк т.б. осы секілді қанық, ашық түстер шаттықтың, қуанышты тойдың болып жатқандығын білдіреді. Соған сай көтеріңкі көңіл де сыйлайды. Ал славян халықтарында қаралы оқиғада, яғни жерлеу рәсімінде адамдар қара түсті киінеді. Сол арқылы қара киінген адамның қаралы, ауыр жағдайда екендігін ұғынады.

Осы тұста тұстар мәдениеттің жемісі екендігін айтуымыз керек. Мәдениеттің бір құрамдас бөлігі – түр-тұстер. Түр-тұстер арқылы ұлттық мәдениетімізді тануға болады. Зерттеушілердің колористикаға қызығуының да себебі осында.

Түр-тұс атаулары әрбір халықтың өзіндік феноменінен хабар береді. Қазақ халқы өзін көк бөрінің үрпағы санайды, кезінде көк аспанға қарап сиынған, тілек тілеген, көк аспанды киелі деп санаған. Көк аспаннан қуат ала білген және үстемдіктің белгісі ретінде сипатталған. Себебі жер бетінде ең жоғары тұрған бұл – көк аспан. Оған ешкімнің қолы жетпес биіктік өлшемі деп қараған. Ұлттық нышанымыздың көк түспен берілуіндегі мән – ашық аспан, бейбітшілік, игілік, адалдық, тазалық, сенімділік, мінсіздік сияқты қасиеттерді білдіруінде. Осы секілді өзге ұлттың да геральдикалық нышандарын олардың мінезімен, тарихымен, шығу тегімен байланыстыра отырып зерттеуге болады. Осы көк тұс атауы өзге халықтардың танымында басқа мағыналық сипатта ашылуы мүмкін. Бір ғана түр-тұс атауы әлем халықтарында сан түрлі коннатациялық мағынаға ие болады десек, сол тұске қатысты халықтардың ассоциациялық болмыс, танымы да басқаша болмақ. Мысалы, латынша *materia* – болмыс, алғашқы зат, үнді европаша *madher* – көк тұс, ежелгі үнді тілінде *mati* – сана, ақыл, славян тілінде *мать* – ана, неміс тілінде *mutter* – ана, түрікше *mabi* – көк [8, 26]. Бірнеше тілде дыбысталуы ұқсас, шығу төркіні де бір сөздің әр халықта ассоциациялануы әртүрлі. Көбіне аспан, жаратушы, ана бейнесінде бір-біріне жуық мағынада ассоциацияланып келеді. Себебі адам болмысы көк аспандағы тылсым жаратылыс күшпен байланысты.

Түр-тұс атауларының мазмұнында халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Мысалы, қазақ халқында жаңа тұрмыс құрған қыз өзінің жағдайын, көңіл-күйін туған ата-анаына білдіру үшін кестелі орамал жіберетін болған. Қыздың ата-анаы сол орамалда кестеленген жіптің түр-тұсіне қарап оның жағдайын, хабарын білген. Егер, қыз бала қызыл жіппен кестелесе, жағдайы жақсы, қуанышты екендігінің белгісі. Себебі қызыл тұс – қазақ танымында шаттықты бейнелейді. Ал қыз бала сары жіппен кестелесе, уайымдап, сағынып жүргендігінің белгісі болған. Академик Э.Қайдар былай дейді: «Осыншама көп, түрлі тұсті бояудың тіршілік көркі, өмір өрнегі ретінде тамаша қызметі, байыптаң қарасақ, тек бір затты екінші заттан, бір құбылысты екінші бір құбылыстан, өзімізді басқадан, өзгені өзімізден тұстеп ажыратса білу үшін ғана емес (мысалы, қара *at*, боз *at*, көк *at* немесе *aқ tas*, көк *tas*, қара *tas t.b.*), сонымен қатар, олардың тылсым сырын терең аша тұсуге, кез келген зат пен құбылыстың, сайып келгенде, ұлы табиғаттың текстес, ұқсас екендігін өзімізге де, өзгеге де паш етуге арналған... Бұл – мәселенің тек бір жағы. Мәселенің екінші, мәнді де маңызды жағы – осыншама бай тілдік фактіні пайдалана, қолдана білуімізде. Басқаша айтқанда, түрлі-тұсті дүниемізді өз бояу нақышымен, әр қырынан жарқырата, мың құбылта көрсете білуде. Сондықтан да бұл мәселе талғам-талабына сай сөз зергерлерінің сөз ұстарту шеберлігіне де байланысты болса керек» [6, 140]. Академик Э. Қайдардың айтуынша, әрбір түр-тұс атауының өз мағынасымен халық өмірінде алатын орны бар. Табиғат пен қоғамда да түр-тұс атауларының мәндік, мазмұндық, реңктік атқаратын қызметі мен қолданысы болады.

Тұстер мен адамның мінез-құлқының байланысын анықтауда швейцар психологы Макс Люшердің психологиялық тестілеуінің маңызы жоғары [7, 68]. Оның пайымдауынша, адамдардың айналасындағы тұстерді қабылдауы объективті және әмбебап болып келеді. Ал адамның тұстерді ұнатуы субъективті құбылыс дейді. Себебі әр адамның мінезіне, жан дүниесінің эстетикасына т.б. ерекшеліктеріне сай талғам деңгейі де сан түрлі. Осыған сәйкес М. Люшердің зерттеуі бірқатар субъективті жағдайларды анықтауға, тануға мүмкіндік берді. М. Люшер өзінің тұстерді пайдалана отырып жүргізген тестілеу әдісін 1974 жылы «Сигналы личности» еңбегінде алғаш жариялаған. Бұл әдісі зерттеуге қатысқан адамдарға өздерін тұлғалық жағынан тануға көмектескен. Ол кесте түрінде орналастырылған бірнеше тұстердің жиынтығын адамның алдына қойып, тұлға тануға бағытталған сұраптар қою арқылы адамның қандай жағдайда қандай тұсті

таңдайтындығына қарап анықтаған. Соның көмегімен адам мінезіндегі тұрақтылық не тұрақсыздық сипатын, көңіл-күйдің құбылу сипатын т.б. психологиялық ерекшеліктерді анықтаған. Мысалы, М. Люшердің адам мінезін тануға бағытталған түстерінің топтамасы мынадай, яғни төрт негізгі және төрт қосымша түстерден тұрады. Негізгі түстер:

- көк – орнықтылық, көңіл толу;
- көк-жасыл – сенімділік, табандылық;
- қызғылт, сары-қызыл – ерік күш, агрессивтілік, шабуылға бейімділік, қызуқандылық;

- ашық сары – белсенділік, қоғамдық қатынасқа ұмтылыс, экспансиялық, көңілдену. Қосымша түстерге: күлгін, қоңыр, қара түстерді жатқызған. Бұлар аландаушылық, стресс, қорқыныштан мазасыздану, жабығу секілді жағымсыз сипаттарды білдіреді [7, 69]. Орыс тіл білімінде зерттеушісі А.Вежбицкая түстердің мынадай негізгі түрлерін топтастырып атап көрсетеді:

- қызыл, сары, жасыл, көк. Бұлар негізгі қанық түстер.
- ақ және қара. Бұлар ахроматты, яғни тек ақ пен қара түстер. Ал сұр, ақшыл қызыл, көкшіл, қызғылт сары, күлгін т.б. түстерді зерттеуші осы негізгі түстердің қоспасынан, араласуынан пайда болды деген пікірде [9].

Зерттеу жұмыстары барысында қазақ ертегілерінде «ак» түр-тұс атауы мен «қара» тұс атауы, яғни ахроматты түстер басым қолданылғандығы анықталды. Себебі бұлар бинарлы атаулар. Мысалы, қиял-ғажайып ертегілерінде «ак» тұс атауы 132 рет, «қара» тұс атауы 139 рет, ал «қызыл» тұс атауы 27 рет, «көк» тұс атауы 80 рет, «сары» тұс атауы 37 рет, «жасыл» тұс атауы 8 рет кездеседі.

**«Ақ» тұс атауы.** Ақ сөзі түркі тілдерінде *aq//ax//az//a*: қ формасында қолданылады: 1) «ак» заттың сапалық сыйын білдіретін тұс атауы («белый»); 2) «ак» сөзінің ауды мағыналары: *kirişkisiz taza, kіnəsіz, aqjazurek, adal*; 3) керемет, тамаша, ғажайып. Ақ сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында XX ғасырдың өзінде-ак түркітанушылар арасында әр түрлі пікірлер қалыптасты. Э.В.Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ак» - «ок» (қартау) етістігінен өрбіген дегенді айтады. Жалпы сүт тағамдарын білдіретін *aq* атауы (қымыз, сүт, шұбат, құрт т.б.) *aq* етістігі негізінен өрбігенін аңғаруға болады. Оған дәлел «ак» - ағу, жоғары-төмен жылжу, құйылу» мәніндегі етістік. Сүттің төмен сауылып, сорғалап құйылатыны белгілі. Әрі өзі де ақ, басқа реңкі жоқ, өзгермейтін ақ түсті ақ атау да көңілге қонымды. Көне түркі тілінде «үрүң» атаудың тілден ығыстырылып шығуына да *aq* сөзінің конверсиялануы әсер еткен. Көне мұраларда кездесетін «таң ағару» тіркесіндегі «ак» жоғары көтерілу, «таң көтерілу» мағынасын беретін *aq* етістігінің әр түрлі сапада жеткендігін ғалым Б.Сагындықұлы дәлелдейді [10].

Қазақ ертегілерінде *aq* колоронимі пәктікпен, тазалықпен байланыстырылады. Деректі заттың сапалық категориясынан бұрын, қазақ халқында абстрактілі ұғымдардың түсімен байланыстырады. Мысалы, түркі халықтарында жүзі *aq*, *aq kəñıl*, *nieti aq*, *aq bata*, *pейілі aq* т.б. кездеседі. Қазақ халқында танымында бұл ұғымдар, сипаттаулар тек жақсы мағынасында қолданылған. Мұндай жұмсалым қазақ ертегілерінде басым кездеседі. Мысалы, *Cізді өлгение бағамын дең, бір елдің беретін қаржысын беріпті де, «Соны жең, байғұс, ақ пейіл шалым, жата бер», – дейді* [11, 122]. Бұл сөйлемде адамның пейілінің ақ екендігін сипаттау арқылы оқырман көңілінің назарын ақ түске аударып, кейіпкердің жағымды екенін жеткізеді. Мысалы, *Aq kəñıl Қаратай агаларының айыбын кешті, бірақ сұлулардың бәрін бермеді, өзі бізге белгілі сұлуды алды, отыз күн ойын етіп, қырық күн тойын етіп кенелді* [12, 334].

«Ақ» тұс атауы қасиеттілік мағынасында жұмсалады. Мысалы, *Ama-anam, aq сүт берген, риза бол* [12, 16]. Ертегіні қабылдаушы құнделікті ішіп жүрген сүттің тұсі ақ екенін, әрине, біледі. Бұл жерде ана сүтінің қасиеттілігін көрсетіп, ұғындырып отыр. Бұл мысалда ақ тұсі тұра және ауыспалы мағынасында қатар жұмсалып тұрғандығын көреміз.

«Ақ» тұс атауы аспан әлемімен, сокралдық атаулармен қатар жұмсалғандықтан қиял-ғажайып ертегілерінде оның магиялық сипаты да көрінеді. *Мысалы, Кейін әлгі кітапты ақ матаға орап, теңге салып қойдым* [12, 146]. Бұл мысалда оқырманды ойландыратын жалғыз сұрақ бар. Қиял-ғажайып ертегі кейіпкері неліктен кітапты ақ матаға орады екен? Себебі, ақ түсті матаға ораса, жамандар, ұрылар т.б. тиіспейді, ішіне салған затым аман болады деп сенген. *Мысалы, Перілер ақылдасып: «Жарайды, таңертмең судың жисегіне бар, кішкене жесел тұрса, сумен ағып бір ақ сандық келеді. Оның ішінде сары сандық бар, сары сандықтың ішінде екеуміздің жанымыз бар* [12, 274]. Бұл қиял-ғажайып ертегілерде жиі кездесетін көрініс, яғни ақ сандық, оның ішінде көк сандық, не сары сандықтың болуы, онда бір нәрсенің сақталуы. Ақ түсті сандықтың ішінде белгілі бір бағалы затты сақтауы жоғарыда айтылып өткендей қорғаныш қызметімен, қауіпсіздік сипатымен байланысты.

Ақ түсі ежелгі таным бойынша жақсылықтың нышаны. «Ақ» тұс атауы мен «жақсы» сөзі бір-бірінің орнына жұмсала беретін, өзара мәндес сөздер десек те болады. *Мысалы, Ұрмат бейқам келе жатса, алдынан төбелесіп жатқан бір ақ жылан, бір қара жылан кездеседі. Ұрмат тұра қалып төбелеске қарап тұрады. Қара жылан ақ жыланға едәуір қысым көрсетіп, тықсырып бара жатады. Ұрмат «осы ақ қой» деп, ақ жыланға болысып, қара жыланды жығып береді. Қара жылан өлгеннен кейін ақ жылан бір сілкініп үзүл жігіт болып шыға келеді* [12, 201]. Бұл мысалда жақсы жылан деп сипаттамай, жайғана оқырман назарын ақ жыланға аудару арқылы оның жақсы екенін, яғни сол жақсыға жақтасып жатқандығын түсіндіреді. Бейнені бұлай тұс атауларын пайдалана отырып сипаттау, сөз қолданысы жағынан өте ұтымды. Ертегідегі кейіпкер жақтасып, болысып жатқан жыланның жақсы екендігін, зиянсыз екендігін, сол үшін көмектесіп жатқандығын ақ жылан деп тиімді сипаттаған.

«Ақ» тұр-тұс атауы қиял-ғажайып ертегілерде фантастикалық сипатта жұмсалады. Ақ түсін магиялық әрекеттермен, ғажайып дүниелермен, яғни фантастикалық қасиеті бар кейіпкерлермен не фантастикалық сипаты бар заттармен жиі байланыстырылғанын көреміз. *Мысалы, Жігіттің астына ақ тұлпар мінгізіп, қолына ақ айна береді. Осы айнаны әйелдерге салғанда, маңдайының нұры бар әйел болса, дәл өзі деп түсіндіреді* [12, 309]. Ертегіде ақ емес, қызыл, не сары айна десе оның сиқырлы екендігіне оқырманда күмән тұғызатын еді. Шындыққа жана спай қалар еді. Демек, бұл біздің танымдық санамызда да қалыптасып қалған түсінік. Ертегінің оқып отырғанда жігітке ақ тұлпар мінгізіп, ақ айна ұстартты дегенінен-ақ бір ғажайып іс-әрекеттің жүзеге асқалы жатқанын сезіп, түсініп отырамыз.

Фольклорлық шығармалардағы тұр-түстердің танымдық табиғатын, мағыналық сипатын ашу арқылы ұлтымыздың мәдениетін танытамыз. Бұл қазіргі тіл блімі үшін әлемнің тілдік бейнесін жасауда және антропоөзектік парадигма тұрғысынан маңызы бар зерттеу жұмыстары. Корытындылап айтатын болсақ, тұр-тұс атаулары – адамзат өмірінің, табиғаттың, қогамның мазмұнды бөлшегі болып табылады. Оларды мағыналық, танымдық, символдық, концептілік тұрғысынан терең зерттеу бүгінгі таңда маңызды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лауланбекова Р.Т. Тұр-тұс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты (сын есім + зат есім үлгісі бойынша): канд. дис. автореф. – Алматы, 2010. – 29 б.
2. Гумбольдт В. О различении строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человека. Избранные труды по языкоznанию. – Москва: Прогресс, 2000. – 400 с.
3. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі тұр-тұс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқуқұралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 б.
4. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.

5. Ахметжанова А.И. Национальный колорит и цветообозначения в поэзии А.Ахматовой. – Алматы: Вестник КазНУ. Серия филол. – 2017, №2. С 25-28.
6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-тұстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Анатолі, 1992. – 160б.
7. Қамзин К. Әліқожа Б. Қөсемсөз панорамасындағы заман палитрасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 144б.
8. Ислам. А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. док... дисс. – Алматы, 2004. – 251 б.
9. Вежбицкая А. Обозначение цвета и универсалии зрительного восприятия. Язык. Культура. Познание. – Москва: Русские словари, 1996. – 288с.
- 10.Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері: Монография. – Алматы: Санат, 1994. – 137б.
11. Қасқабасов С., Әзімбаев Б. Бабалар сөзі: жүз томдық. 77-том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2011. – 396б.
12. Қасқабасов С., Тойшанұлы А. Бабалар сөзі: жүз томдық. 74-том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2011. – 431б.